



KASE АПТАЛЫҒЫ

28 шілде - 01 тамыз, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2025 жылдың тамыз айына өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші класындағы бағалы қағаздар тізімдерін [қалыптастырды](#).
- KASE бірқатар ішкі құжаттарына енгізген [түзетулер](#) қолданысқа енгізілді.
- KASE ресми тізіміне "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00014546](#) (BRKZb44) және [KZ2C00014553](#) (BRKZb45), Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00014966](#) (EABRB55) және [KZ2D00014982](#) (EABRB56) облигациялары, "Скулбас" ЖШС [KZ2P00014798](#) (SCLBb2), жергілікті атқарушы органдар [облигацияларының](#) сегіз шығарылымы және "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [облигацияларының](#) 12 шығарылымы енгізілді.
- KASE-де "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ [KZ2C00014736](#) (KZIKb39), "МеталлИнвестАтырау" ЖШС [KZ2P00014160](#) (MIATb2) және "Арнур Кредит" МҚҰ ЖШС [KZ2P00014434](#) (MFACb3) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "Asia Bell" ЖШС [KZ2P00014293](#) (ASBLb1), "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп)" ЖШС [KZ2P00014780](#) (CLSGb7) және "МеталлИнвестАтырау" ЖШС [KZ2P00014160](#) (MIATb2) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ-қа "Бейтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ [KZ2C00014520](#) (BTRKb27) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі берілді.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 29,0 млн [KZKF00000012](#) (MTC048_0001) және 132,0 млн [KZKD00001145](#) (MUM072_0013) МЕУКАМ орналастырды.
- "Арнур Кредит" МҚҰ ЖШС KZ2P00014434 (MFACb3) өкілдік облигацияларын орналастыра отырып, 451,6 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012094 (KFUSb83) облигацияларын орналастыру арқылы 1,5 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012409 (KFUSb92) облигацияларын орналастыру арқылы 4,8 млрд теңге [тартты](#).
- BI Development Ltd. жеке компаниясы KZ2D00012861 (BIGDb5) облигацияларын орналастыру арқылы 2,1 млрд теңге [тартты](#).
- Бес облыс әкімдіктері 9,4 млрд теңге [тартты](#).
- Сегіз облыс әкімдіктері 31,6 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- "Home Credit Bank" АҚ "ForteBank" АҚ-пен мәміледен кейін кредиттік бейінін [сақтайды](#).
- "Эйр Астана" АҚ және China Southern Airlines кодшеринг туралы келісімге [қол қойды](#).
- Анонс: 15 қыркүйекте "Эйр Астана" АҚ Лондон қор биржасында Capital Markets Day 2025 [өткізеді](#).
- "Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметінің нәтижелерін [хабарлайды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында энергия тұтынудың төмендегенін [хабарлады](#).
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Fincraft Resources" АҚ артықшылықты акциялар бойынша 2024 жылдың шілдесі – 2025 жылдың шілдесі үшін дивиденд [төледі](#).
- "ForteBank" АҚ KZ00A0F4546 (ASBN) жай акциялары бойынша 2024 жылға дивиденд [төледі](#).
- "Тойота Файнаншл Сервисесз Қазақстан" МҚҰ ЖШС Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингін растағаны [туралы хабарлады](#).
- "Робокэш.кз" МҚҰ ЖШС "Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингілік бағаларын бергені [туралы хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Банк ЦентрКредит" АҚ S&P Global Ratings агенттігі банк рейтингін растағаны [туралы хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- S&P Global Ratings компанияның стратегиялық даму перспективаларын ескере отырып, "Қазақтелеком" АҚ кредиттік рейтингі бойынша болжамды [арттырды](#).

01.08.2025

		Трендтер (%)	
KASE Индексі	6 390,90	-1,1	5,5
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а

АО "ForteBank"	22,00	20,8	190,6
АО "Банк ЦентрКредит"	3 745,00	6,4	22,2
Advanced Micro Devices, Inc.	144,80	4,8	18,0
NVIDIA Corp.	166,00	4,1	16,2
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	17 597,89	3,9	18,1
Intel Corporation	23,33	3,2	11,6
АО "Кселл"	3 480,00	2,7	7,2
АО "KM GOLD"	70,00	1,5	0,0
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	22 800,00	0,8	8,6
Microsoft Corporation	501,96	0,5	7,0
АО "Народный Банк Казахстана"	331,44	0,4	12,7
Pfizer Inc.	25,52	0,4	5,3
АО "KEGOC"	1 456,00	0,0	0,7
АО "КазТрансОйл"	812,10	0,0	0,1
Freedom Holding Corp.	146,00	- 0,4	- 4,2
Apple Inc.	211,66	- 0,8	3,6
АО Kaspi.kz	45 100,00	- 1,1	1,0
АО "Казахтелеком"	39 500,00	- 1,8	- 1,0
АО "Эйр Астана"	714,61	- 1,8	- 3,3
PayPal Holdings Inc.	74,46	- 2,0	0,5
Tesla, Inc.	310,08	- 2,9	- 3,7
AT&T Inc.	27,19	- 4,5	- 3,2
Bank of America Corporation	46,60	- 5,9	3,3

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген



Бірнеше апта бойы сенімді өсуден және тарихи биіктерді үнемі жаңартып отырудан кейін KASE индексі өткен аптада 1 % түзетіліп, жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында 6 390 тармақ белгісінде тіркелді.

Халық банкі Euromoney беделді халықаралық қаржы басылымы ұйымдастырған Euromoney Awards for Excellence 2025 марапаттау рәсімінде Қазақстанның үздік банкі болып танылды. Марапат банктің өткен жылғы нәтижелерін білдіреді. Банк негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша тұрақты өсуді көрсетті: таза пайда жылдық мәнде 32,8 %, таза пайыздық кіріс 39 % өсті. Жыл басынан бері активтер 19,7 %, берілген кредиттер көлемі 23,5 %, ал депозиттер 18,9 % өсті. Өткен аптада Банктің акциялары 0,6 % төмендеген.

KASE индексіне кіретін басқа қаржы компаниялары да теріс нәтиже көрсетті. Kaspi.kz акциялары 3 % төмендеді, сонымен бірге ЦентрКредит Банкінің акциялары 0,5 % арзандады. S&P Global Ratings рейтингілік агенттігі ЦентрКредит Банкінің ұзақмерзімді және қысқамерзімді кредиттік рейтингтерін "Bb/B" деңгейінде растады және банк рейтингтері бойынша Тұрақты болжамды сақтап қалды.

ҚазМұнайГаз 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелерін жариялады. Мұнай мен газ конденсатын өндіру 9 % артып, 13 млн тоннаны құрады. Мұнайды тасымалдау 1,6 млн тоннаға дейін 0,3 % төмендеді. Ал қазақстандық және румындық мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын қайта өңдеу көлемі 16,5 % ұлғайып, 10,3 млн тоннаны құрады. Бір апта ішінде ұлттық мұнай-газ компаниясының акциялары 0,3 % төмендеді.


Эйр Астана China Southern Airlines компаниясымен Қазақстан мен Қытай арасында саяхаттайтын жолаушылар үшін мүмкіндіктерді едәуір кеңейте отырып, рейстерді бірлесіп пайдалану туралы келісімге қол қойды. Авиатасымалдаушының акциялары бір апта ішінде 0,6 % төмендеді.

Осы уақытта S&P Global Ratings Қазақтелекомның ұлттық шкала бойынша рейтингін "kzA+" деңгейінен "kzAA-" деңгейіне дейін көтерді, сондай-ақ ұзақмерзімді кредиттік рейтингін "BB" деңгейінде растай отырып, болжамды "Тұрақты" деңгейге дейін көтерді. Компанияның акциялары бір апта ішінде 2,7 % өсті.


Индекстің басқа телекоммуникациялық компаниясы Кселлдің акциялары 0,8 % төмендеді.

Ақша нарығында TONIA біркүндік репо тарту мөлшерлемесі төмендеді және аптаның қорытындысы бойынша жылдық 15,54 % құрады. Біркүндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 10,30 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Шілде айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 4 %, АҚШ доллары үшін 540,72 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 235 млн АҚШ долларынан 260 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Шілде айында Ұлттық қордан валютаны сату 700 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 12 % немесе күніне шамамен 32 млн АҚШ долларын құрады.

Салық айы шеңберінде күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферт бөлуге тамызда Ұлттық Банк Ұлттық қордан 400-ден 500 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айнадағыдай қайталау операциялары аясында шілде айында 290 млрд теңге зарарсыздандырылды. Тамыз айында осы мақсатта 290 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтілуде.


30 шілдеде валюта нарығындағы өте төмен өтімділік және алыпсатарлық қысымның күшеюі аясында Ұлттық Банк 125,6 миллион АҚШ доллары көлемінде валюталық интервенциялар жүргізді.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 450 млн АҚШ долларын құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұзақмерзімді кезеңде кемінде 40 % деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк шілде айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асырды, оның жалпы сомасы 35 млн АҚШ долларын немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінің шамамен 0,6 % құрады. Ағымдағы бағам деңгейінде БЖЗҚ валюталық үлесінің 40 % артуына байланысты тамыз айында БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен валюта сатып алу жоспарланбайды.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
 S&P 500	6 238,01	-2,4	0,2	14,5	-2,5
 Dow Jones	43 588,58	-2,9	-2,0	8,0	-3,0
 PTC	1 069,82	-2,6	-5,1	-0,8	
 ММВБ	2 727,98	-1,6	-3,1	-7,1	
 Hang Seng	24 507,81	-3,5	1,2	41,6	-3,6
 SS CSI 300	4 054,93	-1,8	2,8	18,6	-2,0
 Euro Stoxx 50	5 165,60	-3,5	-2,9	8,4	-3,5
 FTSEuroFirst	5 859,50	-2,3	-0,6	8,7	-2,3
 FTSE 100	9 068,58	-0,6	3,3	9,5	-0,6
 KASE	6 390,90	-1,1	5,5	22,1	

Шикізат нарығы

01.08.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	69,67	1,8	0,8	-12,4
Мұнай (WTI)	67,33	3,3	-0,2	-11,8
Табиғи газ	3,08	-0,9	-11,6	56,7
Мыс	443,55	-23,0	-13,9	8,6
Темір	793,50	-0,9	11,7	0,6
Алтын	3 363,48	0,8	0,2	37,5
Күміс	36,93	-3,2	1,4	29,7
Астық	516,75	-4,0	-7,1	-2,9

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

05.08	<u>Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)</u>	USD	55,2	55,2
05.08	<u>ISM-ден АҚШ-тың өндірістік емес жеткізілім менеджерлерінің индексі (шілде)</u>	USD	51,5	50,8
06.08	<u>Шикі мұнай қоры</u>	GBP	4,00%	4,25%
07.08	<u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (тамыз)</u>	GBP	4,00%	4,25%
06.08	<u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	221K	218K
08.08	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (шілде)</u>	RUB		9,4%
08.08	<u>ЖІӨ (айлық) (ж/ж) (маусым)</u>	RUB		1,4%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	11,8%	01.07.25	11,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	52,0	01.07.25	52,3
Ақша базасы, млрд KZT	14 019,17	01.07.25	13 973,7
Ақша масса, млрд KZT	46 895,6	01.07.25	45 942,6

Қазақстанның несие рейтингі


Рейтинг Күні Алдыңғы

S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй,
Almaty Towers көпфункционалды кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.